

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ОТАНДЫҚ ҚҰРЫЛЫС ИНДУСТРИЯСЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕССТЕРДІ ДАМУДЫҒЫ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Нұрманов Амангелді Бигалиұлы

aman1192@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің магистранты, Астана,
Қазақстан

Жоба жетекшісі – Ахметов Н.С

Қазіргі кезеңде «инвестиция» ұғымы әлеуметтік-саяси тұрмыстарда және экономикалық - шаруашылық өмірде көп қолданатын ұғымдардың бірі десек қателеспейміз. Сондықтан арнайы әдебиеттерде, ғылыми туындыларда және басқа да ақпараттар көздерінде бұл ұғымның анықтамалары көптеп және әртүрлі формаларда кедеседі. Бірақ барлығы да бір әрекеттерді және мазмұнды анықтайды.

«Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәліметке негізделсек (1): «Инвестиция (латынша *investire* – киіндіру) – табыс алу, меншікті капиталын молайту, елдің материалдық байлығы мен бейматериалдық сипаттағы қоғамдық құндылықтарын еселей түсу үшін шаруашылық жүргізуші субъектілер салатын инвестициялық қаражат». Бұл анықтама басқалардың негізін құрайды және нақтылай жағдайға байланысты, оның мазмұндық сыйпатына байланысты өрнектелуі де мүмкін.

Еліміздің егемендік алған сәттің алғашқы күнінен бастап Президент Н.Ә.Назарбаевтың тікелей басқаруымен атқарылып жатқан ең маңызды шаралардың бірі ұлттық экономикаға инвестиция тарту және оны дамытуды қамтамасыздандыру. Бүгінгі жетістіктердің барлығы да Елбасының осы ұстамдылығының нәтижесі және олар барлық мемлекеттік бағдарламаларда нақтылай көрсетілген. Мысалы, **2015 жылғы 30 қараша Елбасының Қазақстан халқына жолдауында бұл жетістіктер былайша нақтылай аталынып көрсетіледі:** «Қазақстанда инновациялық индустрияландыру шеңберінде құрылған экономиканың жаңа секторлары экономикалық өсімнің драйверлеріне айналууда. Көптеген өндеуші салалар өсім көрсетіп отыр. Бес жылда өндеу өнеркәсібі 1,3 есе, химия өнеркәсібі мен құрылыс материалдары өндірісі 1,7 есе өсті. Машина жасау өнімдерін шығару 2,2 есе, экспорт 3 есе артты. 800-ден астам индустриялық жобалар жүзеге асырылды. Биылғы жылы металлургия өнеркәсібі бірден 15 пайызға, химия өнеркәсібі 3,2 пайызға ұлғайды. Минералды өнімдер өндірісі 3,2 пайызға, киім-кешек 4 пайызға өсті. Дүниежүзілік банк пен Азия даму банкі Қазақстан үшін 2016 жылға жоғары экономикалық өсу қарқынын болжап отыр» (2).

Жалпы «инвестиция» деген ұғым пайда табу мақсатындағы капитал салымын білдіреді. Бірақ осы жерде пайданың екі түрі барын ұмытпауымыз қажет олар әлеуметтік және қаржылық болып екі түрде бейімделеді. Мемлекет тарапынан салынатын инвестициялар қаржылай пайда алу мақсатында емес, қоғамдық әлеуметтік-экономикалық мақсаттарға қол жеткізуді көздейді. Олар жұмыс орнын көбейтіп қоғамдағы жұмыссыздықтардың санын азайтуға, отандық еңбек ресурстарының кәсіпқойлық деңгейлерін көтеруге, халықтың әлеуметтік тұрмыс деңгейлерін арттыруға және тағы да басқаларды айтуға болады. Мысалы, индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы жұмыспен қамтылғандардың санының динамикасы кесте 3 көрсетілген және бұл осы бағдарламаны іске асырудағы еліміздің әлеуметтік жетістігі болары анық.

Кесте 1

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы жұмыспен қамтылғандардың санының динамикасы.

Нысаналы көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2012 есеп	2013 меже	Болжам 2014-2019 жылдар						2012 жылға қатысты 2019 ж.
				2014	2015	2016	2017	2018	2019	
Жұмыспен қамтылғандар саны	ың адам	6,7	0,2	5,1	6,3	6,2	5,6	5,0	4,4	7,7мың адамға

Инвестициялық әс әрекеттер инвестициялық жобалардың нәтижесінде өмірде іске асырылады. Инвестициялық жобаға мемлекеттің арнайы заңында мынадай анықтама беріледі (3): «инвестициялық жоба – мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру барысында құрылған, кеңейтілген және жаңартылған өндірістерді қоса алғанда, жаңа өндірістер құруға, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге және жаңартуға инвестициялар көздейтін іс-шаралар кешені».

Жалпы инвестицияның теориялық негіздерін А.Смит, Д.Рикардо қалаған. Ал оны дамыту бағытындағы зерттеулерге үлес қосқандар әлемге танымал атақты ғалымдар Дж.Кейнс, Дж.Кларк, Р.Харроз және басқалар (4). Ағылшын экономисті Дж.Кейнс инвестицияның қоғамдағы халықты жұмыспен қамтамассыздандыруға, ұлттық табысқа және тұрғындардың сұраныстарына әсерлеріне көп көңіл бөлді және оның заңдылықтарын анықтаған 20-шы ғасырдың ұлы ғалымы екендігі баршылыққа мәлім (Дж.М. Кейнс жазған эффект мультипликатора).


Құрылыс материалдары өндірісін дамыту еліміздің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын, яғни әлеуметтік және тұрғын үй құрылыстарын дамытумен тікелей байланысты. Жалпы құрылыстың екпінді дамуы оған қажетті материалдар мен бұйымдардың еліміздегі тапшылығын нақтылай көрсетті. Мысалы, кесте 2 және сурет 1 бұл жағдайлар анық бейімделініп отыр (5). Жалпы құрылыс материалдарына тапшылық елімізде 2000 жылдан бастап өте көп көлемде бейімделе бастады. Мұндай жағдайдың бірден бір себебі ол Астана қаласының құрылысымен тікелей байланысты екендігі барлығына белгілі. Ең маңыздысы бұл, еліміздегі өте маңызды құрылыс, құрылыс индустриясындағы құрылыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын шығару өнеркәсібін жедел дамытуды талап етті. Яғни бұл салаға өте көп көлемде инвестиция тарту қажеттілігін айқындап берді. Атап айту керек, еліміздегі құрылыс өндірісімен қатар құрылыс индустриясындағы құрылыс материалдары, бұйымдары және конструкциялары өнеркәсібін

Кесте 2

Қазақстан Республикасындағы негізгі құрылыс материалдарының өндірісі және импорттық көлемі, млн. тенге

Атаулары	1999 жыл	2000 жыл	2001 жыл	2002 жыл	2003 жыл
1	2	3	4	5	6
Құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкцияларының негізгі түрлерін шығару	15160	18420	22000	57452	68458

Құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкцияларының негізгі түрлерінің импорты	23946	21630	52545	81200	132063
---	-------	-------	-------	-------	--------



Сурет 1. Құрылыс материалдарын шығару және импорттау динамикасы

дамыту өте маңызды инвестициялық іс-әрекеттер болып табылатындығына еш күмән келтіруге болмайды. Көрсетілген деректер осы заңдылықтардың бейімделуінің бір нұсқасы ғана деп білеміз. Сурет 1 құрылыс материалдарының импорттау динамикасының 2000 жылдан бастап елімізде екпінді өсімі айқын бейімделініп отыр. Негізінде осы жағдай (5) Қазақстан Республикасында құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың 2005-2014 жылдарға арналған бағдарламасының (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 1305 қаулысымен бекітілген) пайда болуына бірден бір себеп болды.

Аталынған бағдарлама үкіметіміздің еліміздің құрылыс индустриясындағы құрылыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын шығаруды дамытудағы мақсатты нақтылай іс-шаралардың бастамасы болды және оның ұлттық экономиканың және оның құрылыс саласын дамытудағы маңыздылығы да осында. Кейінгі Қазақстан Республикасында құрылыс индустриясын және құрылыс материалдары өндірісін дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламасы және Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (6) алғашқы бағдарламаның нақтыланған туындылары деуге толық негіз болады. Құрылыс материалдарының өндірісі - өңдеуші өнеркәсіптегі өндіріс көлемінің 8,6%-ын қамтамасыз етіп отырған Қазақстан экономикасының тұрақты өсіп келе жатқан маңызды саласы. Сондықтан аталынған бағдарламада құрылыс материалдары өндірісіндегі үлестік инвестиция өсімі (кесте 7) орта есеппен 7% шамасындағы деңгейді көрсетеді.

Кесте 3

Өңдеуші өнеркәсіптегі және құрылыс материалдары өндірісі саласына инвестициялық салымдар , млрд. теңге

Өндеуші өнеркәсіп	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2015-2019 жж.
Құрылыс материалдарының өндірісі	124	77	77	77	83	436
Өндеуші өнеркәсіп	1020	1273	1629	1636	1042	6600
	12	6	5	5	8	7

Жоғарыдағы айтылған еліміздің экономикасындағы құрылыс материалдары өндірісін дамыту мәселелерінің шешу шаралары жақсы жолға қойылған және олардың барлығы да ғылыми тәжірибелік нәтижелермен негізделген. Ең бастысы әрбір инвестициялық жобаны және оны жасақтауға қажетті шараларды қаржыландыруды мемлекет толық қамтамасыздандырып отыр. Ол жобаларды негізгі өнім шығаруға қажетті шикізаттармен қамтамасыздандыру да мемлекет тарапынан тікелей қолдау алуда. Жалпы аталынған инвестициялық жобаларды іс жүзінде асыруға мемлекет тарапынан барлық ұтымды жағдайлар жасалынғандығы анық байқалады. Бірақ жоғарыдағы аталынған арнайы мемлекеттік бағдарламада (6) оларды іске асырудың мүмкіндіктерінің негіздерінің бірі ретінде мына жағдайларды шешу қажеттілігі нақтылай қолға алынуы тиіс:

- 1) нормативтік базаны және техникалық реттеу жүйесін жетілдіру;
- 2) құрылыс саласында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың көлемін арттыру;
- 3) инновациялық, энергия тиімді, экологиялық қауіпсіз және Қазақстан үшін жаңа құрылыс материалдары өндірісінің технологияларын, оның ішінде индустриялық құрылыс технологияларын енгізу үшін жағдай жасау;
- 4) саланы білікті еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету.

Аталынып көрсетілгендей құрылыс материалдары өндірісін дамыту осы саланың нормативтік базасын және техникалық реттеу жүйесін жетілдіруді, ғылыми-зерттеу жұмыстарын арттыруды және тиесілі жоғары кәсіпқой мамандармен қамтамасыздандыруды ерекше маңызды екендігімен барлығы да келісетініне еш күмән келтіруге болмайды. Осы шараларды іске асыруға мемлекет көп қаржы бөліп және тиесілі ұйымдық-құрылымдар құрып, оларды нақтылай мақсаттармен қамтып енді олардан нәтижелі іс-шараларды күтуде.

Пайдалынған әдебиеттер:

1. Инвестиция. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
2. 2015 жылғы 30 қараша Елбасының Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму».
3. Инвестициялар туралы Қазақстан Республикасының 2003 ж. 8 қаңтардағы № 373-ІІ Заңы.
4. Беломестнов В.Г. Управление инвестиционными процессами. Улан-Удэ: Изд-во ВСГТУ, 2005.-172с.
5. Қазақстан Республикасында құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың 2005-2014 жылдарға арналған бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 1305 қаулысымен бекітілген.
6. Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 1 тамыздағы № 874 Жарлығымен бекітілген. Астана 2014ж.